

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Түркістан облысы тұрғындарының қауіпсіздік іс-шараларын әзірлеу» тақырыбында 8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған Әлшериев Ердәулет Тұрысбекұлының диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші

ШІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлар көптеп орын алуда, мысалы 2022 жылдың I тоқсанда 3 рет техногендік сипаттағы төтенше жағдай режимі хабарланды, олардың себептері – коммуналдық апаттар, су тасқыны және орман өрттері. Су тасқыны Батыс Қазақстан облысының төрт ауданында төтенше жағдай режимі жарияланды. Ал, Қостанай облысында орман өрті орын алып, салдарынан 2091 адам эвакуацияланып, 12 адам өрт кезінде жеңіл және орташа ауырлықтағы жарақаттар, күйіктер алып, уланған. 2023 жылдың I-II тоқсанда 4 техногендік және табиғи төтенше жағдай режимі тіркелді. Ең қауіптілердің бірі Абай облысындағы орман өрті, орын алған өртті тізгіндеу жұмысын жүргізу барысында 14 қызметкер қаза тапты.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда апаттар масштабы ұлғайып, адам өлімі мен материалдық шығын артқанын көрсетеді. Табиғи және техногендік сипаттағы апаттар тек қана адам өмірі мен денсаулығына әсер етпей, экономикалық шығындарды тудырады. Елдің экономикалық жағдайының бұзылуы, төтенше жағдайды жоюмен қатар, жергілікті жердің экономикалық саласын төмендетуге алып келеді. Атап айтқанда, аумақтың экологиялық жағдайының төмендеуі және табиғи ресурстарының сарқылуы еліміздің экономикалық жағдайына тікелей әсер етеді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу - қауіпті құбылыстарды болжау, инженерлік-техникалық шаралар (бөгеттер, нығайту), құлақтандыру жүйелерін жетілдіру және халықты дайындау арқылы залалды барынша азайту болып табылады. Бұл мониторинг, мониторингтік жүйелер мен қауіпсіздік ережелерін сақтауды, сондай-ақ заңнамалық бекітілген мемлекеттік жүйелерді қамтиды.

Бұл мәселені шешу аясында Түркістан облысындағы орын алу қауіпі бар табиғи және техногендік төтенше жағдайларды саралау жолымен, табиғи апат орын алатын аумақтардағы болжамды адами, материалдық және әлеуметтік шығындардың алдын алу қажеттілігі өте актуальді болып табылады.

Осыған орай Түркістан облысы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды талдау барысында тұрғындардың қауіпсіздік іс-шараларын әзірлеу, күрделі мәселелердің бірі болып табылатындығын көрсетеді.

Ғылыми жаңалығы және оның негізділігі. Жасалынған диссертациялық жұмыста Түркістан облысының аудандары мен қаларының тұрғын-үй қорының, әкімшілік нысандарының, әлеуметтік қызмет ету ғимараттарының және қауіпті өндіріс орындарының құрылымдық шешімдерін толық зерделеп, жер сілкінісі орын алған жағдайда олардың болжамды қирау қоры анақталынды. Бұл аталған

ғимаратты пайдалану барысында жер сілкінісі орын алған жағдайда болжамды адамдардың қайтарымсыз шығындары мен медициналық шығындар есептелінді.

Жер сілкінісі орын алған жағдайда, Түркістан облысының ең қауіпті деген көлемі ауқымды 6 су қоймаларының бұзылу сценарилары қарастырылып, методологиялық әдістер бойынша жақын аумақтардың су толқынының көтерілу биіктіктері мен су басу аудандары жергілікті жердің топографиялық жер қыртысының орналасуына байыланысты есептелінді.

Төтенше жағдай орын алу барысында жергілікті атқарушы органдар мен арнайы құрылатын штабтар - төтенше жағдай туындаған жағдайда жедел құтқару топтарын құруды және ұйымдастыруды қажет етеді.

Практикалық құндылық және жұмыс нәтижелерін іске асыру

Түркістан облысын табиғи сипаттағы жер сілкінісі салдарын алдын-ала есептелінген мәліметтер бойынша (елді-мекендердегі халық саны, инженерлік құрылымдар, өндіріс орындары, адам саны) болжамды инженерлік қираулар мен шығындарды талдауды модельдеудің web- қосымшасы әзірленді.

Ізденуші Әлшериев Ердәулет Тұрысбекұлы Түркістан облысы аумағында орын алуы мүмкін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарын болжау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері Түркістан облысы төтенше жағдайлар департаментінде және Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының «Тұран су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттің коммуналдық кәсіпорнымен бірге өндірістік сынақтардан өтіп, өндіріске енгізу актілері негізінде жасалынды.

Жұмыс апробациясы. Диссертация мазмұнының негізгі материалдары бойынша 8 ғылыми жұмыстарда жарияланған, соның ішінде 3 Scopus/Web of Science (Thomson Reuters базасына кіретіндер) және халықаралық конференцияларда 5 мақала материалдары жарыққа шығарылды.

Диссертациялық жұмысты қорғауға ұсыныс. 8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша ізденуші Әлшериев Ердәулет Тұрысбекұлына ғылыми зерттеу мен теориялық ізденіс негізінде ғылыми-практикалық қызметін сипаттай отырып, өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жоғары біліктілігі бар маман ретінде жүргізген ғылыми зерттеулері арқылы саланың дамуына елеулі үлес қосқанын атап өту қажет.

Ізденуші Әлшериев Ердәулет Тұрысбекұлы диссертациясының тақырып таңдау өзектілігі, ғылыми жаңалығы оның негізділігі, практикалық құндылық және жұмыс нәтижелерін іске асыру қолданбалы сипатқа негізделген ғылыми зерттелген жұмыс деп есептеймін.

Диссертация ҚР ҒжЖБМ белгілеген талаптарға сәйкес және 8D11210 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші, техника
ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор



Наукенова А.С.